



Азаттық пен елшілдік мұрат

3-бет



Дәгеротиптегі Балғожа би

6-бет



Бақ пен сордың арасы бір-ақ қадам

8-бет

EGEMEN QAZAQSTAN

№249 (30228) 30 ЖЕЛТОҚСАН, БЕЙСЕНБІ 2021 ЖЫЛ

Жүз жылдық жыйнама

www.egemen.kz E-mail: info@egemen.kz

FACEBOOK.COM/EGEMENKZ TWITTER.COM/EGEMENKZ

РЕСМИ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өлім жазасын жою мәселесі бойынша өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1. 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне:

(Соңы 9-бетте)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы

Осы Заң Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің құқықтық мәртебесін, өкілеттігін және қызметін ұйымдастыруды айқындайды.

1-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл қызметінің мақсаттары мен міндеттері

1. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл (бұдан әрі – Уәкіл) адам және азамат құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың мемлекеттік кепілдігін қамтамасыз ету, оларды мемлекеттік органдардың, жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару органдарының, өзге де ұйымдардың және лауазымды адамдардың сақтауы мен құрметтеуі мақсатында Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес белгіленген жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адам болып табылады.

(Жалғасы 9-10-беттерде)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл қызметінің мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне:

(Соңы 10-бетте)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл қызметінің мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1-бап. 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

(Соңы 10-бетте)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл қызметінің мәселелері бойынша толықтыру енгізу туралы

1-бап. 2017 жылғы 25 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) мынадай толықтыру енгізілсін:

616-баптың бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы 21-1) тармақшамен толықтырылсын: «21-1) Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл – өзінің қызметіне кіретін мәселелер бойынша талап қою берген кезде».

2-бап. Осы Заң алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті
К.ТОҚАЕВ

Нұр-Сұлтан, Ақорда, 2021 жылғы 29 желтоқсан
№ 93 -VII ҚРЗ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне көрнекі ақпарат және діни қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 2020 жылғы 7 шілдедегі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне:

(Соңы 11-бетте)

БІРІНШІ БАЙЛЫҚ

Балалар ортопедиясында білмейтініміз көп

Нұр-Сұлтан қаласындағы «Ана мен бала» ұлттық ғылыми орталығының ортопедия бөлімінің мамандары үнемі ізденіс үстінде жүреді. Соның нәтижесінде бұрын қыруар ақша шығарып шетелдік клиникаларды жағалайтын сырқат балалар елімізде емделеді.

Анар ТӨЛЕУХАНҚЫЗЫ,
«Egemen Qazaqstan»

Урбанизация, пандемия, ЭКОЛОГИЯ

Бөлімше жетекшісі Болат Нағыманов – нағыз істің адамы, өз саласының кәнігі маманы. Журналистерге уақыт табуға мұршасы келе бермейтін Болат Әбікейілімен жуырда әңгімелесудің сәті түскен еді.

«Біріншіден, біздің пациенттер арасында іштен туа біткен даму

ақауларының жиілеп кетуі нәтижесінде Жер бетінде ондай ауруларды қалай емдеп жатыр, ата-аналар қандай дәрігерге барып, кеңес ала алады, елімізде қалай емделеді деген мәселе алға шығады. Өйткені шалғайдағы ауылдарда ортопедиялық тұрғыда емдеуді қажет ететін балалардың маманданған көмекке жете алмай жүргені ақиқат. Оған ата-аналарға дұрыс ақпараттың жетпеуі де әсерін тигізеді», деді дәрігер.

Оның айтуынша, ауыл балаларындай емес, қаладағы жеткіншектер аз

қозғалады. Оның үстіне пандемия адамдарды үйден шығармай, сабақтың өзі онлайн болған уақытта адам қимылы шектелді. Қазіргі күні соның әсерінен болып жатқан аурулар бар. Дер кезінде баласын емдетпей, қай жерге барып, кімге қаратарын білмей жүрген әке-шеше көп. Оның үстіне дұрыс тамақтанбау, тағамға химиялық заттардың қосылуы да балаларға, жүкті аналарға кері әсерін тигізіп жатыр. Ал бұл құрсақтағы нәрестеге де әсер етуі ықтимал. Екіншіден, елімізде экологиялық тұрғыда қиындық кешіп жүрген аудандардың тұрғындары бар. Халыққа тақсирет әкелген Семей полигоны жабылғанымен оның зардаптары бүгінге жетті.

(Соңы 5-бетте)



Суретті түсірген: Ариана ОМАР, «Egemen Qazaqstan»

Өзгеріске бастаған құжат

Жолдау жүктеген міндеттер қалай орындалуда?

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына арнаған жолдауларын атап көрсетілген міндеттер жүйелі түрде орындалуда. Бұл қаламдар ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығының өз деңгейінде атап өтуіне, сондай-ақ келесі онжылдықтың табалдырығын сеніммен аттауымызға жол ашты. Осы орайда 2020 жылғы Жолдаудың көптеген тармағының орындалуы 2021 жылдың үлесіне тигендіктен, жыл аяқталар тұста соларды бір шолып өтуді жөн көрдік.

Светлана ҒАЛЫМЖАНҚЫЗЫ,
«Egemen Qazaqstan»

Қоғамда Президенттің 2020 жылғы «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауында айқындалған мақсат-міндеттердің орындалуына қатысты оң көзқарас қалыптасып отыр.

Пандемия көп мәселенің басын ашқанын, түйткілді мәселелерді «су

бетіне» шығарғаны рас. Осы ретте Мемлекет басшысының 2020 жылғы Жолдауында қашықтан оқыту ісін ұйымдастыруда Үкіметтің жіберген қателіктерін жақсы білетінін ескерткенін айта кетейік. «Ашығын айтқанда, әлі күнге дейін нақты бір онлайн-платформа жоқ. Мұғалімдер, оқышылар және ата-аналар күндіз-түні WhatsApp-тан бас көтермейтін болды.

(Соңы 2-бетте)

НАЗАРДАҒЫ НЫСАН

Кеншілердің талабы ескерілетін болды

Қарағанды облысындағы «Абай» шахтасында қараша айының 7-сі күні болған қайғылы оқиға қазақ елінің қабырғасына қатты батты. Сол күні жеті қат жер астындағы көмір мен газ атындысының салдарынан алты кенші көз жұмып, екеуі ауыр халде ауруханаға жеткізілген болатын.

Қайрат ӘБІЛДА,
«Egemen Qazaqstan»

Ал сол кезде шахтада барлығы 64 адам жұмыс істеп жүрген екен. Құтқарушылар дер кезінде шұғыл әрі батыл түрде әрекет етпегенде, адам шығыны

бұдан да көп болар ма еді?.. 56 кенші аман-есен жер бетіне шығарылды.

Апат салдарын жою, кінәлілерді анықтау және төтенше оқиғадан кейінгі кеншілердің талабын орындау сияқты кезек күттірмейтін қат-қабат шаруа кезінде Қарағанды облысы басшылығының

(Соңы 4-бетте)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өлім жазасын жою мәселесі бойынша өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

(Соңы. Басы 1-бетте)

1) 10-баптың екінші бөлігіндегі «, бас бостандығынан айыру немесе өлім жазасы» деген сөздер «немесе бас бостандығынан айыру» деген сөздермен ауыстырылсын;
 2) 11-баптың бесінші бөлігіндегі «, өмір бойына бас бостандығынан айыру немесе өлім жазасы» деген сөздер «немесе өмір бойына бас бостандығынан айыру» деген сөздермен ауыстырылсын;
 3) 40-баптың екінші бөлігіндегі 4) тармағындағы «бостандығынан айыру» деген сөздер «бостандығынан айыру қолданылуы мүмкін.» деген сөздермен ауыстырылып, 5) тармағы алып тасталсын;
 4) 46-бапта:
 үшінші бөліктің төртінші сөйлеміндегі «47-бабының бесінші бөлігінде.» деген сөздер алып тасталсын;
 төртінші бөліктің бірінші сөйлеміндегі «– аса ауыр қылмыстар жасағаны үшін, сондай-ақ өлім жазасына балама ретінде» деген сөздер «аса ауыр қылмыстар жасағаны үшін» деген сөздермен ауыстырылсын;
 5) 47-бап алып тасталсын;
 6) 56-баптың төртінші бөлігіндегі «өлім жазасы мен өмір бойына бас бостандығынан айыру» деген сөздер «өмір бойына бас бостандығынан айыру» деген сөздермен ауыстырылсын;
 7) 58-баптың төртінші бөлігіндегі үшінші абзацындағы және 60-баптың үшінші бөлігіндегі үшінші сөйлеміндегі «немесе өлім жазасы», «немесе тиісінше өлім жазасы» деген сөздер алып тасталсын;
 8) 71-баптың бесінші бөлігінде:
 бірінші сөйлемдегі «өлім жазасы немесе өмір бойына бас бостандығынан айыру» деген сөздер «өмір бойына бас бостандығынан айыру» деген сөздермен ауыстырылсын;
 екінші сөйлемдегі «өлім жазасы өмір бойына бас бостандығынан айырумен ауыстырылады, ал» деген сөздер алып тасталсын;
 9) 72-баптың сегізінші бөлігіндегі 1) тармағы «тәртібімен» деген сөзден кейін «не өлім жазасын жоятын заңның қолданылуына байланысты» деген сөздермен толықтырылсын;
 10) 77-баптың бесінші бөлігінде:
 бірінші сөйлемдегі «Өлім жазасына немесе өмір бойына бас бостандығынан айыруға» деген сөздер «Өмір бойына бас бостандығынан айыруға» деген сөздермен ауыстырылсын;
 екінші сөйлемдегі «өлім жазасы өмір бойына бас бостандығынан айыруға ауыстырылады, ал» деген сөздер алып тасталсын;
 11) 160-баптың екінші бөлігіндегі екінші абзацындағы,

163-баптың екінші бөлігіндегі екінші абзацындағы, 164-баптың екінші бөлігіндегі екінші абзацындағы, 168-баптың екінші бөлігіндегі екінші абзацындағы, 170-баптың төртінші бөлігіндегі екінші абзацындағы, 175-баптың үшінші бөлігіндегі екінші абзацындағы, 177-баптың екінші абзацындағы, 178-баптың екінші абзацындағы, 184-баптың екінші абзацындағы, 255-баптың төртінші бөлігіндегі екінші абзацындағы, 437-баптың төртінші бөлігіндегі екінші абзацындағы, 438-баптың төртінші бөлігіндегі екінші абзацындағы, 439-баптың төртінші бөлігіндегі екінші абзацындағы, 442-баптың төртінші бөлігіндегі екінші абзацындағы, 443-баптың үшінші бөлігіндегі екінші абзацындағы, 444-баптың үшінші бөлігіндегі екінші абзацындағы, 455-баптың екінші абзацындағы «, не өлім жазасына», «не өлім жазасымен», «не өлім жазасына» деген сөздер алып тасталсын.
 2. 2014 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексіне:
 1) 67-баптың бірінші бөлігіндегі 5) тармағындағы «, өмір бойына бас бостандығынан айыру не өлім жазасы» деген сөздер «немесе өмір бойына бас бостандығынан айыру» деген сөздермен ауыстырылсын;
 2) 69-баптың екінші бөлігіндегі «өлім жазасы немесе өмір бойына» деген сөздер «өмір бойына» деген сөздермен ауыстырылсын;
 3) 271-баптың екінші бөлігіндегі «өлім жазасы немесе» деген сөздер алып тасталсын;
 4) 402-баптың төртінші бөлігі алып тасталсын;
 5) 485-бапта:
 екінші бөліктің 2) тармағы мынадай редакцияда жазылсын:
 «2) адам өмір бойына бас бостандығынан айыруды өтеп жатқан»;
 үшінші бөлік алып тасталсын;
 6) 490-баптың төртінші бөлігіндегі «өлім жазасына немесе өмір бойы бас бостандығынан айыруға сотталған» деген сөздер «өмір бойына бас бостандығынан айыруды өтеп жатқан» деген сөздермен ауыстырылсын;
 7) 656-баптың он үшінші бөлігіндегі «Өмір бойы бас бостандығынан айыру мен айрықша жазалау шарасы – өлім жазасы» деген сөздер «Өмір бойына бас бостандығынан айыру» деген сөздермен ауыстырылсын.
 3. 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексіне:
 1) 3-баптың 5) тармақшасындағы «, сондай-ақ өлім жазасына сотталғандарды ұстауға» деген сөздер алып тасталсын;
 2) 14-бапта:

бірінші бөліктің бірінші сөйлеміндегі және үшінші бөліктің «, өлім жазасына» деген сөздер алып тасталсын; төртінші бөліктің «, қамқак алуға немесе өлім жазасына» деген сөздер «немесе қамқак алуға» деген сөздермен ауыстырылсын;
 бесінші бөліктің «, өлім жазасына» деген сөздер алып тасталсын;
 3) 24-баптың сегізінші бөлігі алып тасталсын;
 4) 27-баптың үшінші бөлігіндегі «, өлім жазасы» деген сөздер алып тасталсын;
 5) 88-баптың бесінші бөлігіндегі «, өлім жазасы түріндегі жазасы кешірім жасау тәртібімен бас бостандығынан айырумен ауыстырылған» деген сөздер «сотталғандар, өлім жазасы түріндегі жазасы кешірім жасау тәртібімен немесе өлім жазасын жоятын заңның қолданылуына байланысты бас бостандығынан айыруға ауыстырылған» деген сөздермен ауыстырылсын;
 6) 89-бапта:
 алтыншы бөліктің 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
 «2) өлім жазасы түріндегі жазасы кешірім жасау тәртібімен немесе өлім жазасын жоятын заңның қолданылуына байланысты бас бостандығынан айыруға ауыстырылған»;
 7) 91-баптың екінші бөлігіндегі «; өлім жазасына кесілгендер – басқа санаттағы сотталғандардан» деген сөздер алып тасталсын;
 8) 94-баптың екінші бөлігіндегі үшінші абзацындағы «өлім жазасы кешірім жасау тәртібімен бас бостандығынан айыруға ауыстырылған» деген сөздер «өлім жазасы түріндегі жазасы кешірім жасау тәртібімен немесе өлім жазасын жоятын заңның қолданылуына байланысты бас бостандығынан айыруға ауыстырылған» деген сөздермен ауыстырылсын;
 9) 96-баптың екінші бөлігіндегі 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
 «4) өлім жазасы түріндегі жазасы кешірім жасау тәртібімен немесе өлім жазасын жоятын заңның қолданылуына байланысты бас бостандығынан айыруға ауыстырылған»;
 10) 104-баптың екінші бөлігіндегі 6) тармақшасындағы «немесе өлім жазасына» деген сөздер «сотталғандарды, өлім жазасы түріндегі жазасы кешірім жасау тәртібімен немесе өлім жазасын жоятын заңның қолданылуына байланысты бас бостандығынан айыруға ауыстырылған» деген сөздермен ауыстырылсын;
 11) 113-баптың үшінші бөлігіндегі 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) өлім жазасы түріндегі жазасы кешірім жасау тәртібімен немесе өлім жазасын жоятын заңның қолданылуына байланысты бас бостандығынан айыруға ауыстырылған»;
 12) 140-баптың бірінші бөлігіндегі «өлім жазасы кешірім жасау тәртібімен өмір бойына бас бостандығынан айыру жазасымен ауыстырылған» деген сөздер «өлім жазасы түріндегі жазасы кешірім жасау тәртібімен немесе өлім жазасын жоятын заңның қолданылуына байланысты бас бостандығынан айыруға ауыстырылған» деген сөздермен ауыстырылсын;
 13) 144-баптың бірінші және төртінші бөліктеріндегі «, сондай-ақ өздеріне қатысты өлім жазасы туралы үкім өлім жазасын орындауға мораторий енгізілгенге дейін немесе мораторийдің қолданылу уақытында күшіне енген адамдар», «, сондай-ақ өздеріне қатысты өлім жазасы туралы үкім өлім жазасын орындауға мораторий енгізілгенге дейін немесе мораторийдің қолданылатын уақытында күшіне енген адамдар» деген сөздер алып тасталсын;
 14) 145-баптың екінші бөлігіндегі екінші абзацы алып тасталсын;
 15) 5-бөлім алып тасталсын.
 4. «Адамдарды қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнаулы мекемелерде, арнаулы үй-жайларда ұстау тәртібі мен шарттары туралы» 1999 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына: 32-баптың 2-тармағы 2) тармақшасының төртінші абзацы алып тасталсын.
 5. «Өлім жазасының күшін жоюға бағытталған Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіге Екінші Факультативтік Хаттаманы ратификациялау туралы» 2021 жылғы 2 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына:
 мәтін мынадай редакцияда жазылсын:
 «1989 жылғы 15 желтоқсанда Нью-Йоркте жасалған Өлім жазасының күшін жоюға бағытталған Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіге Екінші Факультативтік Хаттама ратификациялансын.»
 2-бап. Осы Заң алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті
К.ТОҚАЕВ

Нұр-Сұлтан, Ақорда, 2021 жылғы 29 желтоқсан
 № 89-VII ҚРЗ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы

(Жалғасы. Басы 1-бетте)

Уәкіл қызметінің міндеттері адамның және азаматтың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтіруге, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін жетілдіруге, адам және азамат құқықтары мен бостандықтарын көтермелеу мен ілгерілетуге жәрдемдесу болып табылады.
 2. Уәкіл өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, осы Заңға, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне, сондай-ақ Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары мен өзге де міндеттемелеріне сәйкес жүзеге асырады.
 2-бап. Уәкіл қызметінің қағидаттары
 1) Уәкіл өз қызметін жүзеге асыру кезінде заңдылық, әділдік, бейтараптық, объективтілік, жариялықты, ашықтық, айқынды қағидаттарын және Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген басқа да қағидаттарды басшылыққа алады.
 3-бап. Уәкіл қызметінің кепілдіктері
 1. Уәкіл өз өкілеттігін жүзеге асыру кезінде тәуелсіз және қандай да бір мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдарға есеп бермейді.
 2. Уәкілге қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша немесе сотқа дейінгі тергеу-тексерудің іс жүргізу шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының тиісті заңдарында айқындалады.
 3. Қылмыс орындама және алынған не ауыр немесе аса ауыр қылмыстар жасаған жағдайлардан басқа кезде, Уәкілді өз өкілеттігі мерзімі ішінде Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының келісімісіз ұстап алуға, күзетпен ұстауға, ұйқамқақ алуға, күштеп әкелуге, сот тәртібімен қолданылатын әкімшілік жазалау шараларын қолдануға, қылмыстық жауаптылыққа тартуға болмайды.
 4. Уәкілдің құқықтары, Қазақстан Республикасының заңдарында тікелей көзделген жағдайлардан басқа кезде, шектеулерге жатпайды.
 Уәкілдің заңды қызметіне араласу не кедергі келтіру Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа алып келеді.
 5. Уәкіл өзінің лауазымдық міндеттерін орындауына байланысты өзіне белгілі болған мән-жайлар туралы куә ретінде жауап алынуға жатпайды.
 6. Уәкілге өз қызметін жүзеге асыруы кезінде Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қауіпсіздігін қамтамасыз ету құқығына кепілдік беріледі.
 7. Уәкіл қызметтік куәлігін көрсеткен кезде Қазақстан Республикасының бүкіл аумағындағы мекемелер мен басқа да объектілерге кедергісіз баруға құқығы бар.
 Аса маңызды мемлекеттік және стратегиялық объектілерге барған уақытында Уәкіл өткізу және объектішілік режимдердің белгіленген талаптарын сақтайды.
 8. Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында немесе оның жекелеген жерлерінде төтенше жағдай режимі енгізілген жағдайда, Уәкіл өз қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырады.
 4-бап. Мемлекеттік органдардың, жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару органдарының, ұйымдардың міндеттері
 1. Мемлекеттік органдар, жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару органдары, ұйымдар, олардың лауазымды адамдары Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Уәкілге қажетті материалдарды, құжаттарды, мәліметтер мен түсіндірулерді ұсынуға міндетті.
 2. Уәкіл сұратқан материалдар, құжаттар, мәліметтер, егер оның сұрау салынуында басқа мерзім көрсетілмесе, сұрау салу алынған күннен бастап он жұмыс күні ішінде оған жіберілуіне тиіс.
 3. Уәкіл және оның облыстағы, республикалық маңызы бар қаладағы, астанадағы өкілдері өз өкілеттіктері шеңберінде мемлекеттік органдардың, жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару органдарының, ұйымдардың және лауазымды адамдардың жедел қабылдауына кіру құқығын пайдаланады. Уәкілдің талап етуі бойынша аталған органдар мен лауазымды адамдар Уәкілге немесе оның өкілдеріне дереу жәрдем көрсетуге міндетті.
 4. Уәкілдің мемлекеттік органдар, жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару органдары, мекемелер және ұйымдар, олардың лауазымды адамдары Уәкілге немесе оның облыстағы, республикалық маңызы бар қаладағы, астанадағы өкіліне арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін, қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін немесе жазаны атқаруға арналған тиісті ұйымдар мен мекемелердегі адамдарға кедергісіз бару және олармен қарым-қатынас жасау мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті. Уәкіл немесе

оның облыстағы, республикалық маңызы бар қаладағы, астанадағы өкілі аталған адамдармен куәларсыз жеке немесе қажет болған кезде аудармашы арқылы, сондай-ақ тиісті ақпарат бері алатын кез келген басқа адаммен әңгімелесу өткізеді.
 2-тарау. УӘКІЛДІ ЛАУАЗЫМҒА САЙЛАУ ЖӘНЕ ЛАУАЗЫМЫНАН БОСАТУ ТӘРТІБІ
 5-бап. Уәкілді сайлау тәртібі
 1. Уәкілді Қазақстан Республикасы Президентінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенаты бес жыл мерзімге лауазымға сайлайды.
 2. Уәкіл лауазымына сайланатын адам мынадай талаптарға сай болуға:
 1) Қазақстан Республикасының азаматтығы болуға және соңғы он жылда оның аумағында тұрақты тұруға;
 2) жоғары білімі болуға;
 3) адам және азамат құқықтары мен бостандықтарын қорғау бойынша кемінде бес жыл жұмыс тәжірибесі болуға;
 4) отыз жастан кіші болмауға;
 5) мемлекеттік тілді білуге;
 6) әрекетке қабілетті болуға тиіс.
 3. Уәкіл лауазымына кіріскен кезде мынадай мазмұнда ант береді:
 «Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл лауазымына кірісе отырып, Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасын басшылыққа ала отырып, адам және азамат құқықтары мен бостандықтарын адал әрі абыроймен қорғауға және өз міндеттерімді әділдікпен және ар-ожданмен атқаруға салтанатты түрде ант етемін. Адам және азамат құқықтары мен бостандықтары мүддесі үшін тәуелсіз, бейтарап, объективті әрекет етуге міндеттенемін.»
 6-бап. Уәкілді лауазымынан босату
 1. Уәкілді Қазақстан Республикасы Президентінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенаты лауазымынан босатады.
 2. Уәкілді Қазақстан Республикасы Президентінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенаты атқарып отырған лауазымынан мерзімінен бұрын босатуы мүмкін.
 3. Уәкілді атқарып отырған лауазымынан мерзімінен бұрын босатуға мыналар негіздер болып табылады:
 1) осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында белгіленген талаптар мен шектеулерді сақтамау;
 2) оған қатысты соттың айыптау үкімінің заңды күшіне енуі;
 3) соттың Уәкілді әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп тану туралы не оған медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы шешімінің заңды күшіне енуі;
 4) Қазақстан Республикасы азаматтығының тоқталуы;
 5) басқа лауазымға тағайындалу, сайлану немесе басқа жұмысқа абысу;
 6) Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге тұрақты тұрғылықты тұруға кету;
 7) атқарып отырған лауазымымен сыйыспайтын қылмыстық теріс қылықтар жасау;
 8) өз өкілеттігін доғару туралы өтініш.
 7-бап. Уәкілдің қызметіне байланысты шектеулер
 1. Уәкіл саяси қызметпен айналысуға құқылы емес. Уәкіл өз өкілеттігін жүзеге асыру кезеңінде өзінің саяси партиядағы мүшелігін тоқтата тұрады.
 2. Уәкіл, оқытушылық, ғылыми не өзге де шығармашылық қызметті қоспағанда, мемлекеттік қызметте бола алмайды, кәсіпкерлік қызметпен айналыса алмайды, коммерциялық ұйымның ұйымдық-құқықтық нысанына қарамастан, оны басқаруға қатыса алмайды, сондай-ақ өзге де ақы төленетін қызметпен айналыса алмайды.
 3. Уәкілге, егер мүдделер қақтығысы болса, лауазымдық міндеттерін жүзеге асыруға тыйым салынады. Ол мүдделер қақтығысын болғызбау және шешу жөнінде шаралар қолдануға тиіс.
 4. Уәкіл өкілді органның депутаты бола алмайды.
 5. Уәкіл:
 1) өзінің қызметтік жұмысын материалдық-техникалық, қаржылық және ақпараттық қамтамасыз ету құралдарын, басқа да мемлекеттік мүлкі және қызметтік ақпаратты қызметтік емес мақсаттарда пайдалануға;
 2) ереуілдерді қоса алғанда, мемлекеттік органдардың жұмыс істеуіне және лауазымдық міндеттерді орындауға кедергі келтіретін әрекеттерге қатысуға;
 3) лауазымдық өкілеттігін атқаруына байланысты азаматтар мен заңды тұлғалардың көрсететін қызметтерін жеке мақсаттарына пайдалануға құқылы емес.

3-тарау. УӘКІЛДІҢ ҚҰЗЫРЕТІ
 8-бап. Уәкілдің құзыреті
 Уәкіл өз қызметінде:
 1) Қазақстан Республикасының Президентіне, Қазақстан Республикасының Парламентіне және Қазақстан Республикасының Үкіметіне адам және азамат құқықтары мен бостандықтарын көтермелеу және қорғау мәселелері бойынша заң жобаларын әзірлеу, Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар береді;
 2) өз қызметі туралы жыл сайынғы баяндаманы, сондай-ақ арнаулы баяндамаларды дайындайды және таратады;
 3) «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 8-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Парламенті Палаталарының бірлескен және бөлек отырыстарына, Қазақстан Республикасы Парламентінің Палаталары жұмыс топтарының отырыстарына және Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары қатысатын өзге де іс-шараларға шақыру бойынша қатысады;
 4) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес облыстар, республикалық маңызы бар қалалар немесе астана мәслихаттары сессиясының жалпы отырыстарына шақыру бойынша қатысады;
 5) Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің, мемлекеттік органдарда құрылатын алқалы және өзге де органдардың отырыстарына шақыру бойынша қатысады;
 6) Қазақстан Республикасының Үкіметіне және өзге де мемлекеттік органдарға, жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару органдарына, өзге де ұйымдарға және лауазымды адамдарға адам және азамат құқықтары мен бостандықтары бұзушылықтардың профилактикасына және оларды қалпына келтіруге бағытталған шараларға қатысты ұсынымдар мен ұсыныстар береді;
 7) Қазақстан Республикасының Президентіне, Қазақстан Республикасының Үкіметіне, Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттарына және Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына осы Заңда көрсетілген міндеттерге сәйкес ұсыныстар енгізеді;
 8) 1984 жылғы 10 желтоқсанда қабылданған Запталарға және басқа да қатығез, адамгершілікке жатпайтын және ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы конвенцияға сәйкес ұлттық алдын алу тетігі қатысушыларының қызметін үйлестіреді;
 9) адам және азамат құқықтары мен бостандықтарының бұзылуы туралы шағымдарды осы Заңда белгіленген тәртіппен қарайды;
 10) адам құқықтары мен бостандықтары саласындағы халықаралық шарттарды ратификациялау немесе Қазақстан Республикасы өзіне халықаралық шарттардың міндеттілігіне келісімін білдірудің өзге де тәсілі туралы ұсыныстар енгізеді;
 11) Қазақстан Республикасының шарттық міндеттемелерін орындау үшін Біріккен Ұлттар Ұйымының органдары мен комитеттеріне, сондай-ақ өңірлік мекемелерге ұсынылатын ұлттық баяндамаларды дайындауға және талқылауға үкілетті органдардың шақыруы бойынша қатысады және көрсетілген органдар мен комитеттер туралы рәсімдерге сәйкес осы мәселелер бойынша тәуелсіз пікірін білдіреді;
 12) адам және азамат құқықтары мен бостандықтарын көтермелеуге және қорғауға жәрдемдесу мақсатында халықаралық, өңірлік және өзге де ұйымдармен, сондай-ақ басқа мемлекеттердің ұлттық құқық қорғау мекемелерімен, оның ішінде келісімдер (меморандумдар) жасау арқылы ынтымақтастық жасайды;
 13) адам және азамат құқықтары жөнінде оқу және зерттеу бағдарламаларын әзірлеуге жәрдемдеседі, оларды білім беру ұйымдары мен өзге де ұйымдарға іске асыруға қатысады;
 14) мыналарды:
 шағымдарды қарау тәртібін;
 Уәкіл жанындағы Үйлестіру кеңесі туралы ережені;
 Уәкіл жанындағы сараптама кеңесі туралы ережені;
 ұлттық алдын алу тетігінің қатысушыларын іріктеу тәртібін;
 алдын ала бару үшін ұлттық алдын алу тетігінің қатысушыларының топтар құру тәртібін;
 алдын ала бару жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды;
 Уәкілдің рәмізі мен жалауының ережесі мен сипаттамасын бекітеді;
 15) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.
 9-бап. Шағымды қарау
 1. Уәкіл өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының азаматтары және Қазақстан Республикасының

аумағындағы шетелдіктер және азаматтығы жоқ адамдар жеке өздері және (немесе) өкілдері (бұдан әрі – арыз берушілер) арқылы берген шағымдарын шағым келіп түскен күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде қарайды.
 Азаматтық құқықтарын қорғау мақсатында және оның жазбаша келісімімен Уәкілге қоғамдық бірлестіктер жүгіне алады.
 2. Уәкіл Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және шешімдеріне шағымдарды қарамайды.
 3. Шағымда арыз берушінің тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілген болса) және тұрғылықты жері немесе жұмыс орны туралы мәліметтер, арыз берушінің пікірі бойынша оның құқықтары мен бостандықтарын бұзған немесе бұзатын шешімдердің немесе әрекеттердің (әрекетсіздіктің) мәнін баяндау қамтылуға тиіс. Шағымға арыз берушінің дәлелдерін растайтын құжаттар және өзге де материалдар қоса беріледі.
 4. Шағымды алып, Уәкіл мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:
 1) шағымды Уәкіл бекітетін тәртіппен қарауға қабылдайды;
 2) арыз беруші өзінің құқықтары мен бостандықтарын қорғау үшін пайдалана алатын тәсілдер мен құралдарды түсіндіреді;
 3) құзыретті мемлекеттік органдарға немесе лауазымды адамдарға анықтауға жататын мән-жайларға тексеру жүргізу туралы өтініштер жібереді;
 4) шағымды қарауға қабылдаудан бас тартады, оған уәкіл білдіруге тиіс. Шағымды қарауға қабылдаудан бас тарту шағым жасалуға жатпайды.
 5. Шағымды қарау мерзімі Уәкілдің уәдді шешімімен ақылға қонымды, бірақ екі айдан аспайтын мерзімге ұзартылуы мүмкін, бұл туралы арыз берушіге мерзім ұзартылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде хабарланады. Уәкіл қабылданған шешім туралы арыз берушінің және шешімдеріне және (немесе) әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған тиісті мемлекеттік органдарды, жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару органдарын, лауазымды адамдарды хабардар етеді.
 10-бап. Уәкілдің шағымды қарау кезіндегі құқықтары
 1. Уәкіл шағымды қарау кезінде:
 1) мемлекеттік органдардан, жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару органдарынан, өзге де ұйымдардан және лауазымды адамдардан, соттың іс жүргізуіндегі істер мен материалдарды қоспағанда, шағымды қарау үшін қажетті құжаттарды, материалдарды және мәліметтерді сұрауға және алуға құқылы;
 2) мемлекеттік ұйымдардың және қоғамдық бірлестіктердің адам және азамат құқықтары мен бостандықтары мәселелеріне қатысты құжаттарына белгіленген тәртіппен қол жеткізуге;
 3) шағым берушілерді, оның ішінде мемлекеттік органдардың, жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару органдарының, сондай-ақ өзге де ұйымдардың өкілдерін шақыра отырып, жедел қабылдауға (бірлескен қабылдауларды) ұйымдастыруға;
 4) егер жаппай бұзушылық туралы мәліметтер болса не мұндай бұзушылықтың қоғамдық маңызы болса немесе өз құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың құқықтық құралдарын өзі дербес пайдалана алмайтын адамдардың мүдделерін қорғау қажеттігіне байланысты болса, өз бастамасымен адам және азамат құқықтары мен бостандықтарының бұзылуына қатысты мәселелерді қарауға;
 5) мемлекеттік органдарға, жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару органдарына және ұйымдарға, лауазымды адамдарға адам және азамат құқықтары мен бостандықтарын қорғау мәселелері бойынша ұсынымдар мен өтінішхаттар жіберуге құқылы.
 2. Уәкілге мемлекеттік не замән қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты беру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.
 11-бап. Шағымды қарау ерекшеліктері
 1. Шағымды қарау кезінде Уәкіл шешімдеріне немесе әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған мемлекеттік органға, жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару органына немесе лауазымды адамға қарау процесінде анықталуға жататын кез келген мәселелер бойынша өз түсіндірмелерін беру мүмкіндігін беруге міндетті.
 Уәкіл шағым нысанасы болған мән-жайларды анықтауға жәрдем көрсету үшін мемлекеттік органға, жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару органына немесе лауазымды адамға өтініш жасауға құқылы.

(Соңы 10-бетте)



(Соңы. Басы 1, 9-беттерде)

2. Уәкілдің ұсынымдары мен өтінішхаттары алынған күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қарауға жатады, қарау нәтижелері туралы Уәкілге Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен хабарланады.

Қосымша зерделеу жүргізу қажет болған жағдайларда, Уәкілдің ұсынымдары мен өтінішхаттарын қарау мерзімін олар жіберілген субъект күнтізбелік отыз күннен аспайтын мерзімге ұзартады, бұл туралы Уәкілге қарау мерзімі ұзартылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде хабарланады.

3. Шағымды қарау кезінде алынған материалдар Уәкіл түпкілікті шешім шығарғанға дейін жария етуге жатпайды. 4. Уәкіл шағымды қарау процесінде арыз берушінің және басқа да адамдардың жеке өмірі туралы өзінше белгілі болған мәліметтерді олардың жазбаша келісімінсіз жария етуге құқылы емес.

12-бап. Шағымды қарау нәтижелері
Шағымды қарау нәтижелері бойынша Уәкіл өзі қабылдаған шешімге қарай:

- 1) әрекеттерінен (әрекетсіздігінен) арыз берушінің құқықтары мен бостандықтары бұзылған мемлекеттік органдарға, жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару органдарына, лауазымды адамдарға, мемлекеттік қызметшілерге адамның және азаматтың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтіру үшін қабылдануға тиіс шараларға қатысты ұсынымдар жібереді;
- 2) уәкілетті мемлекеттік органға немесе лауазымды адамға адам және азамат құқықтары мен бостандықтарын бұзған адамға қатысты тәртіптік немесе әкімшілік іс жүргізуді не қылмыстық құқық бұзушылық бойынша іс жүргізуді жүзеге асыру туралы өтінішхатпен жүгінеді;
- 3) сотқа мемлекеттік органдардың, жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару органдарының, лауазымды адамдардың, мемлекеттік қызметшілердің шешімдерімен немесе әрекеттерімен (әрекетсіздігімен) шектелмеген адамдар тобының бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қорғау үшін талап арызбен (талап қоюмен) жүгінеді. Уәкіл жіберетін талап арызға (талап қоюға) Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес мемлекеттік баж салынбайды.

13-бап. Шағымдарды қарау қорытындысын жинақтап қорыту

1. Шағымдарды қарау қорытындысын жинақтап қорыту нәтижелері бойынша Уәкіл:

- 1) мемлекеттік органдарға, жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару органдарына, сондай-ақ лауазымды адамдарға адам және азамат құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуге, әкімшілік рәсімдерді жетілдіруге қатысты жалпы сипаттағы өз ескертулері мен ұсыныстарын жібереді;
- 2) егер Уәкіл мемлекеттік органдардың, жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару органдарының немесе лауазымды адамдардың адам және азамат құқықтары мен бостандықтарын бұзатын шешімдері немесе әрекеттері (әрекетсіздігі) құқықтық актілердің жетілдірілуіне немесе орын алған олқылықтарға не Қазақстан Республикасы заңнамасының Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына немесе өзге де міндеттемелеріне қайшы келуіне байланысты жасалды деп пайымдаса, құқықтық актілерді қабылдаған (шығарған) субъектілерге оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныстармен өтініш жасайды.
2. Ерекше қоғамдық маңызы бар не Қазақстан Республикасының Конституциясында кепілдік берілген

адам және азамат құқықтары мен бостандықтарының жаппай бұзылуына байланысты жағдайларда Уәкіл мынадай шаралар қолданады:

1) тікелей Қазақстан Республикасының Президентіне, Қазақстан Республикасы Парламентінің Палаталарына немесе Қазақстан Республикасының Үкіметіне өтініш жолдайды;

2) Қазақстан Республикасының Конституциясына және «Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына сәйкес осындай құқығы бар адамдардың Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесіне өтініш жолдауы туралы өтінішхат береді;

3) Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотына сот практикасы мәселелері бойынша түсіндірме беру ұсынысымен өтініш жасайды.

14-бап. Уәкілдің баяндамалары

1. Уәкіл Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына нормативтік құқықтық актілерді талдау, осы Заңға сәйкес шағымдарды қарау және басқа да өкілеттіктерді іске асыру нәтижелерін қамтитын өз қызметі туралы жыл сайын баяндамалар ұсынады.
2. Қазақстан Республикасында адам және азамат құқықтары мен бостандықтарын сақтаудың жекелеген мәселелері бойынша Уәкіл арнаулы баяндамалар дайындай алады және тарата алады.
3. Уәкілдің баяндамалары уәкілетті мемлекеттік органдарға олардың құзыретіне кіретін мәселелер бойынша қарау үшін жіберіледі.

Уәкілетті мемлекеттік органдар Уәкілдің баяндамасын алған күннен бастап үш ай ішінде оған баяндаманы қарау нәтижелері туралы белгіленген тәртіппен хабарлайды.

4. Уәкіл осы бапта көрсетілген баяндамаларды дайындау және тарату тәртібін бекітеді.

5. Баяндамалар Уәкілдің интернет-ресурсында жариялануға және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен таратылуға жатады.

15-бап. Ұлттық алдын алу тетігі
Уәкіл ұлттық алдын алу тетігінің тиімді қызметін қамтамасыз ету мақсатында аспаптардың және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе арнамысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлерінің алдын алу бойынша ұлттық алдын алу тетігі қатысушыларының қызметін үйлестіреді, ұлттық алдын алу тетігі қатысушыларының қажетті әлеуеті мен кәсіптік білімін қамтамасыз ету үшін шаралар қолданады, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

16-бап. Адам және азамат құқықтары мен бостандықтары саласындағы құқықтық ағарту, қоғамдық бірлестіктермен, сарапшылармен және мамандармен өзара іс-қимыл

1. Уәкіл адам және азамат құқықтары мен бостандықтары саласындағы құқықтық ағартуға жәрдемдеседі, адам және азамат құқықтары мен бостандықтары туралы білім беру бағдарламаларын әзірлеуге және халықтың Қазақстан Республикасының заңнамасы мен аса маңызды халықаралық актілерді білу деңгейін арттыруға қатысады.
2. Уәкіл адам және азамат құқықтары мен бостандықтары туралы білімді ілгерілету, ғылыми-қолданабалы зерттеулерді ұйымдастыру, сондай-ақ адам және азамат құқықтары мен бостандықтарын қорғау саласындағы білім мен дағдыларды тұрақты түрде арттыру мақсатында ғылыми-білім беру орталығын және өзге де ұйымдарды құруға бастамашылық жасай алады.
3. Уәкіл адам және азамат құқықтары мен

бостандықтарын ілгерілету және көтермелеу жөніндегі ақпараттық науқандар мен жобалар шеңберінде мемлекеттік органдармен, қоғамдық бірлестіктермен және өзге де ұйымдармен өзара іс-қимыл жасайды.

4. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Уәкіл баяндамаларды дайындауға ұйымдар мен мамандарды шарт негізінде тартуға құқылы.

17-бап. Заңнаманы жетілдіру және халықаралық шарттар жасасу жөніндегі ұсыныстар

Уәкіл өз қызметі шеңберінде адам және азамат құқықтары мен бостандықтары мәселелері бойынша және Қазақстан Республикасының «Құқықтық актілер туралы» және «Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» заңдарында белгіленген тәртіппен:

- 1) Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру немесе халықаралық шарттарын жасасу жөнінде ұсыныстар әзірлейді және мүдделі мемлекеттік органдарға жібереді;
- 2) мемлекеттік органдардың, ұйымдар мен азаматтардың ұсыныстарын қарайды.

4-тарау. УӘКІЛ МЕН ОНЫҢ ОБЛЫСТАҒЫ, РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МАҢЫЗЫ БАР ҚАЛАДАҒЫ, АСТАНАДАҒЫ ӨКІЛІНІҢ, АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӨНІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ ОРТАЛЫҚТЫҢ ҚЫЗМЕТІН ҮЙІМДАСТЫРУ

18-бап. Уәкілдің облыстағы, республикалық маңызы бар қаладағы, астанадағы өкілі

1. Уәкілдің облыстағы, республикалық маңызы бар қаладағы, астанадағы өкілі (бұдан әрі – өкіл) болады, оны Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындайды және лауазымынан босатады.

2. Өкіл мемлекеттік қызметші болып табылады және Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталық өкілдіктерінің қызметіне басшылық жасайды.

Өкілдердің функционалды міндеттерін Уәкіл бекітеді. 3. Өкіл тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде Уәкілдің атынан өзінің функционалды міндеттері шеңберінде және оның тапсырмасы бойынша өкілеттігін жүзеге асырады.

19-бап. Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталық

1. Уәкілдің қызметін қамтамасыз ету үшін жұмыс органы – Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталық (бұдан әрі – Ұлттық орталық) құрылады, ол мемлекеттік мекеме болып табылады, оның Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және мемлекеттік және орыс тілдерінде өз атауы көрсетілген мөр мен бланкілері, сондай-ақ банктік мекемелерде тиісті шоттары болады.
2. Ұлттық орталық туралы ережені Уәкілдің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді. Ұлттық орталық пен оның өкілдіктерінің құрылымын Уәкіл бекітеді.
3. Ұлттық орталықтың басшысын Уәкіл лауазымға тағайындайды және лауазымынан босатады.

4. Ұлттық орталық Уәкілдің қызметін ақпараттық-талдамалық, ұйымдық-құқықтық және өзге де қамтамасыз етуді жүзеге асырады.

5. Ұлттық орталықтың қызметкерлері өз қызметін Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамасы негізінде жүзеге асыратын мемлекеттік қызметшілер болып табылады.

6. Ұлттық орталық пен оның өкілдіктері қызметкерлерінің ақшалай қамтылымы, оларды медициналық және әлеуметтік-тұрмыстық қамтамасыз ету Қазақстан

Республикасының мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамасына сәйкес айқындалады.

20-бап. Қаржылық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету

1. Уәкілдің, оның өкілдерінің, сондай-ақ жұмыс органының қызметін қаржыландыру республикалық бюджет қаражатынан жүзеге асырылады.

2. Уәкілдің ақшалай қамтылымы, оған медициналық және әлеуметтік-тұрмыстық қызмет көрсету, сондай-ақ оның қызметін материалдық-техникалық қамтамасыз ету мемлекеттік лауазымдарды атқаратын, бірақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің мүшесінен төмен емес лауазымды адамдар үшін Қазақстан Республикасының заңдарында және өзге де нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген кепілдіктер деңгейінде айқындалады.

3. Республикалық бюджетке жыл сайын жекелеген бюджеттік бағдарламамен Уәкілдің, оның өкілдерінің, сондай-ақ жұмыс органының қызметін қамтамасыз ету үшін қажетті қаражат көзделеді.

4. Ұлттық орталық Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қаржылық есептілік ұсынады.

5. Уәкілдің қызметтік куәлігін беру тәртібі мен сипаттамасы Қазақстан Республикасының Президенті белгілеген тәртіппен айқындалады.

21-бап. Уәкіл жанындағы консультативтік-көмекші органдар, сондай-ақ оның мемлекеттік органдар және ұйымдар жанындағы консультативтік-көмекші органдарға қатысуы

1. Уәкіл жанынан консультативтік-талдамалық функциялары бар, адам және азамат құқықтары мен бостандықтарын қорғау саласында жұмыс тәжірибесі бар адамдардан тұратын сараптама кеңесі құрылады.

2. Ұлттық алдын алу тетігінің қызметін тиімді үйлестіруді қамтамасыз ету мақсатында Уәкіл жанынан Үйлестіру кеңесі құрылады.

3. Уәкіл мүдделі мемлекеттік органдар және ұйымдар өкілдерінің, азаматтардың қатысуымен жұмыс топтарын және комиссиялар құра алады.

4. Уәкіл дербес немесе өз өкілдері арқылы мемлекеттік органдар және ұйымдар жанындағы консультативтік-көмекші және байқаушы органдарға өз бастамасымен немесе шақыру бойынша қатыса алады.

22-бап. Уәкілдің және Ұлттық орталық басшысының актілері

1. Осы Заңды іске асыру мақсатында Уәкіл өкімдер шығарады, Ұлттық орталықтың басшысы бұйрықтар шығарады.

2. Уәкілдің Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген, мемлекеттік және орыс тілдерінде лауазымының атауы көрсетілген белгіленген үлгідегі өз бланкісі болады.

5-тарау. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕ

23-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі

Осы Заң, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізілетін 3-баптың 4-тармағының екінші бөлігін, 12-баптың 3) тармақшасын, 18-бапты қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті К.ТОҚАЕВ

Нұр-Сұлтан, Ақорда, 2021 жылғы 29 желтоқсан № 90-VII ҚРЗ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл қызметінің мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

(Соңы. Басы 1-бетте)

53-баптың 1-тармағының 1) тармақшасы мынадай мазмұндағы төртінші абзацпен толықтырылсын:

«Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің қызметін қамтамасыз ету»;

2. 2014 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексіне:

- 1) 78-баптың екінші бөлігі 7) тармақшасындағы «қатысушысы күү ретінде жауап алынуға жатпайды.» деген сөздер «қатысушысы;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 8) тармақшамен толықтырылсын: «8) лауазымдық міндеттерін орындауына байланысты өзіне белгілі болған мән-жайлар туралы Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл күү ретінде жауап алынуға жатпайды.»;
- 2) 146-баптың төртінші бөлігіндегі «547 – 551-баптарында» деген сөздер «547 – 551-1-баптарында» деген сөздермен ауыстырылсын;
- 3) мынадай мазмұндағы 551-1-баппен толықтырылсын: «551-1-бап. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілге қатысты сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізу

1. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталу себебі Бірыңғай тізілмде тіркелгеннен кейін Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілге қатысты сотқа дейінгі тергеп-тексеру Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының келісімімен ғана жалғастырылуы мүмкін.

Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл қылмыс орнында ұстап алынған не оның ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасауға дайындау немесе оқталу фактісі анықталған не олар ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасаған жағдайларда, оған қатысты сотқа дейінгі тергеп-тексеру Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының келісімін алғанға дейін, бірақ оны бір таулік ішінде міндетті түрде хабардар ете отырып жалғастырылуы мүмкін.

Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілге қатысты істер бойынша алдын ала тергеу жүргізу міндетті.

Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры хабарламаны алғаннан кейін жүргізілген процесстік әрекеттердің заңдылығын екі таулік ішінде зерделейді және сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жалғастыруға келісім беріп, бұл туралы қаулы шығарады не сотқа дейінгі тергеп-тексеруді

тоқтата отырып, бұдан бас тартады. Егер сотқа дейінгі тергеп-тексеру Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының келісімін алғанға дейін заңсыз жалғасқан болса, оның нәтижелеріне қылмыстық іс бойынша дәлелдемелер ретінде жол беруге болмайды.

2. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілді, қылмыс орнында ұстап алынған не ауыр немесе аса ауыр қылмыстар жасаған жағдайлардан басқа, өзінің өкілеттігі мерзімі ішінде Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының келісімінсіз ұстап алуға, күзетпен ұстауға, ұйқамаққа алуға, күштеп әкелуге, қылмыстық жауаптылыққа тартуға болмайды.

3. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілді күлдік деп тану, оның іс-әрекеттерін саралау туралы қаулыларды, сондай-ақ ұстап алуды, күштеп әкелуді қолдану, күзетпен ұстау немесе ұйқамаққа алу түріндегі бұлтартпау шараларын санкциялау туралы өтінішхаттарды сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам Қазақстан Республикасының Бас Прокурорына келісуге жібереді.

4. Қылмыс жасады деп күдік келтірілетін Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілді күзетпен ұстау немесе ұйқамаққа алу түріндегі бұлтартпау шараларын санкциялау туралы өтінішхаттарды сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның Қазақстан Республикасының Бас Прокурорымен келісілген қаулысы негізінде шешеді. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілге қатысты күзетпен ұстау немесе ұйқамаққа алу мерзімін осы Кодексте көзделген тәртіппен ұзарту туралы өтінішхат оны Қазақстан Республикасының Бас Прокурорымен келісілген кезде ғана сотқа жіберілуі мүмкін.

5. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілге қатысты сотқа дейінгі тергеп-тексерудің заңдылығын қадағалау Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры жүзеге асырады. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілге қатысты тергеу мерзімін осы Кодексте көзделген тәртіппен ұзартуды Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры жүргізеді.

Осы Кодекске сәйкес санкциялануға жататын, Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілге қатысты тергеу әрекеттерін жүргізуге санкцияларды Нұр-Сұлтан қаласының тергеу судьясы сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның Қазақстан Республикасының Бас Прокурорымен келісілген қаулысы негізінде береді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл қызметінің мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

(Соңы. Басы 1-бетте)

1) 19-бапта:

үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын: «3. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл лауазымдық міндеттерін атқаруына байланысты өзіне белгілі болған мән-жайлар туралы айғақтар беруге міндетті емес.»;

мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:

«4. Осы баптың бірінші, екінші және үшінші бөліктерінде көзделген жағдайларда аталған адамдар айғақтар беруден бас тартуға құқылы және бұл үшін оларды қандай да бір жауаптылыққа тартуға болмайды.»;

2) мынадай мазмұндағы 668-1-баппен толықтырылсын:

«668-1-бап. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің қызметін міндеттерін орындауына байланысты оның заңды қызметін жүзеге асыруына араласу не кедергі келтіру – лауазымды адамдарға – он бес, заңды

тұлғаларға жырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыпшұл салуға алып келеді.»;

3) 684-баптың бірінші бөлігі «668.» деген цифрлардан кейін «668-1.» деген цифрлармен толықтырылсын;

4) 804-баптың бірінші бөлігінің 33) тармақшасындағы «668-баптар» деген сөздер «668, 668-1-баптар» деген сөздермен ауыстырылсын;

5) мынадай мазмұндағы 874-1-баппен толықтырылсын: «874-1-бап. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілге қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізу шарттары мен тәртібі

1. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілге өз өкілеттігі мерзімі ішінде Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының келісімінсіз күштеп әкелуді, сот тәртібімен қолданылатын әкімшілік жазалау шараларын қолдануға болмайды.

2. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілді сот тәртібімен әкімшілік жаза қолдануға алып келетін әкімшілік жауаптылыққа тартуға, күштеп әкелуге келісім алу үшін әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істердің ведомстволық бағыныстылығына сәйкес мемлекеттік органның бірінші басшысы Қазақстан Республикасының Бас Прокурорына ұсыну енгізеді.

Ұсыну әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі сотқа жіберер алдында, Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілді әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілеттік берілген сотқа, органға (лауазымды адамға) мөжбүрлен жеткізу қажеттігі туралы мәселені шешер алдында енгізіледі.

3. Мемлекеттік органның бірінші басшысы Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының шешімін алғаннан кейін іс бойынша одан әрі іс жүргізу осы Кодекстің 819-бабында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

4. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілге қатысты сот тәртібімен әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қараудың заңдылығын қадағалауды Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры жүзеге асырады.»;

6) 875-бапта: тақырыптағы «Бас прокурорына» деген сөздер «Бас Прокурорына, Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілге» деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын: «2. Егер судья істі қарағанға дейін Қазақстан Республикасы Конституциясының 52-бабының 4-тармағында,

71-бабының 5-тармағында, 79-бабының 2-тармағында, 83-бабының 3-тармағында аталған мемлекеттік органдар күштеп әкелуге келісім беруден бас тартқан болса немесе мұндай келісім сұралмаса, судья осы Кодекстің тиісінше 870-бабының екінші бөлігінде, 874-1-бабының екінші бөлігінде көзделген тәртіппен күштеп әкелуге келісім беру туралы ұсыну жасап, Қазақстан Республикасы Парламентінің депутатына, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің Төрағасына немесе мүшелеріне, судьяға, Қазақстан Республикасының Бас Прокурорына, Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілге әкімшілік құқық бұ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КЕЙБІР ЗАҢНАМАЛЫҚ АКТІЛЕРІНЕ КӨРНЕКІ АҚПАРАТ ЖӘНЕ ДІНИ ҚЫЗМЕТ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

1) 110-баптың 12-тармағы мынадай мазмұндағы үшінші бөліктен толықтырылсын:

«Темекі бұйымдарын тұтынудың зияны туралы ескертудің мәтіні «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес келуге тиіс.»;

2) 242-баптың 1 және 3-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Дәрілік заттар қаптамасына (бастапқы және (немесе) қайталама) қазақ және орыс тілдерінде жақсы оқылатын қаріппен басылған таңбамен және қазақ және орыс тілдеріндегі медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулықпен (қосымша парақ) айналыса түсуге тиіс.

Таңбалау және медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулық (қосымша парақ) мәтіндері «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес келуге тиіс.»;

«3. Медициналық бұйымдар қазақ және орыс тілдерінде тікелей медициналық бұйымдарға және (немесе) қаптамасына басылған таңбамен және медициналық бұйымға арналған медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулықпен немесе пайдалану құжаттымен айналыса түсуге тиіс.

Таңбалаудың, медициналық бұйымға арналған медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулықтың немесе пайдалану құжаттының мәтіндері «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес келуге тиіс.»;

3) 251-баптың 1-тармағында:

«Әкімшілік мынадай редакцияда жазылсын:

«Уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен, Қазақстан Республикасында бекітілген шекті көтерме және бөлшек сауда бағасынан төмен бағамен өткізу үшін Қазақстан Республикасында тіркелген дәрілік препараттарды қазақ және орыс тілдерінде жақсы оқылатын қаріп бар стикерлер пайдаланыла отырып және Қазақстан Республикасында тіркелген медициналық бұйымдарды қазақ және орыс тілдеріндегі медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулықпен немесе пайдалану құжаттымен қоса келуге жол беріледі.»;

мынадай мазмұндағы үшінші бөліктен толықтырылсын:

«Стикерлердің, медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулықтың (қосымша парақ), медициналық бұйымға арналған медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулықтың немесе пайдалану құжаттының мәтіндері «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес келуге тиіс.»;

2. «Қазақстан Республикасындағы көлік туралы» 1994 жылғы 21 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Заңына:

24-2-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Билеттерді сатуды жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар оларды ресімдеу кезінде мәліметтердің «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес қазақ және орыс тілдерінде, ал халықаралық тасымалдарды жүзеге асыру кезінде қосымша ағылшын тілінде толықтырылуын қамтамасыз етуге міндетті.»;

3. «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» 1997 жылғы 11 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-бапта:

мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

«1-1) мәтіннің теңдүзетсіздігі аудармасы – түпнұсқаның мағынасын мен мазмұнын өзгеріссіз сақтайтын мәтіннің басқа тілге аудармасы»;

7) тармақша алып тасталсын;

2) 3-бапта:

тақырыптағы және бірінші бөліктегі «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы заңдар» деген сөздер «Қазақстан Республикасының тіл туралы заңнамасы» деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктегі «Тіл туралы заңдар» деген сөздер «Қазақстан Республикасының тіл туралы заңнамасы» деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 19-бапта:

тақырыптағы «, ұйымдардың атаулары» деген сөздер алып тасталсын;

бірінші бөліктегі «басқа тілдерде транслитерация ережелеріне сәйкес берілуге тиіс» деген сөздер «мемлекеттік тілде жазылады» деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөлік алып тасталсын;

4) 21-бапта:

мынадай мазмұндағы бірінші, үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы және жетінші бөліктермен толықтырылсын:

«Деректемелер мен көрнекі ақпараттың мәтіндері орфография нормалары және мәтіннің теңдүзетсіздігі аудармасы сақталатын отырып жазылады.»;

«Мемлекеттік ұйымдардың бланкілері мемлекеттік тілде және орыс тілінде, қажет болған кезде басқа тілдерде де жазылады.»;

Мемлекеттік емес ұйымдардың бланкілері мемлекеттік тілде, қажет болған кезде орыс тілінде және (немесе) басқа тілдерде де жазылады.»;

Мемлекеттік ұйымдардың мандайшалары мемлекеттік тілде және орыс тілінде, қажет болған кезде басқа тілдерде де орналастырылады.»;

Мемлекеттік емес ұйымдардың мандайшалары мемлекеттік тілде, қажет болған кезде орыс тілінде және (немесе) басқа тілдерде де орналастырылады.»;

Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, жол белгілеріндегі жазбалар мемлекеттік тілде жазылады.»;

үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе, хабарландырулар, жарнама, прейскуранттар, баға көрсеткіштері, ас мәзірлері, нұсқағыштар және басқа да көрнекі ақпарат мемлекеттік тілде, қажет болған кезде орыс тілінде және (немесе) басқа тілдерде де орналастырылады.»;

алтыншы бөліктің «Көрнекі», «көрнекі» деген сөздер тісініне «Деректемелер мен көрнекі», «деректемелер мен көрнекі» деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 25-5-баптың 2) тармақшасы «әдеби тіл» деген сөздерден кейін «және орфография» деген сөздермен толықтырылсын.

4. «Теміржол көлігі туралы» 2001 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

94-баптың 1-тармағында:

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Теміржол станцияларында, вокзалдарда, пойыздарда және жолаушыларға, жөнелтушілерге (жүк жөнелтушілерге), алушыларға (жүк алушыларға) қызмет көрсетілетін басқа да орындарда ақпарат мемлекеттік тілде және орыс тілінде, қажет болған кезде басқа тілдерде де беріледі.»;

мынадай мазмұндағы үшінші бөліктен толықтырылсын:

«Ақпарат мәтіні «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес келуге тиіс.»;

5. «Автомобиль көлігі туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 19-12-баптың 4-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес келетін, тұтынушының ықтимал тәуекелдерді бағалау және оның тиісті қауіпсіздік шараларын қабылдау үшін қажетті мемлекеттік тілдегі және орыс тіліндегі пайдалану құжаттамасын және басқа да ақпаратты беруге.»;

2) 21-1-бап мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

«3. Автовоқзалдарда, автостанцияларда және жолаушыларға қызмет көрсету пункттерінде, оның ішінде билет кассаларында ақпарат мемлекеттік тілде және орыс тілінде, қажет болған кезде басқа тілдерде де беріледі.

Ақпарат мәтіні «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес келуге тиіс.»;

3) 22-бапта:

2-тармақ мынадай мазмұндағы 8-1) тармақшамен толықтырылсын:

«8-1) жолаушылар мен багаж тасымалдарын ұйымдастыру туралы ақпаратты «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес мемлекеттік тілде және орыс тілінде беруге.»;

3-тармақ мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

«3-1) жолаушылар мен багаж тасымалдарын ұйымдастыру туралы ақпаратты «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес мемлекеттік тілде және орыс тілінде беруге.»;

6. «Жарнама туралы» 2003 жылғы 19 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 6-баптың 2-тармағында:

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Қазақстан Республикасының аумағындағы жарнама (мерзімді баспасөз басшыларымен, интернет-ресурстарды, ақпараттық агенттіктерді қоспағанда) қазақ тілінде, ал жарнама берушінің қалауы бойынша орыс тілінде және (немесе) басқа тілдерде де таратылады.»;

мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

«Жарнама мәтіні «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес келуге тиіс.»;

2) 8-баптың 1-1-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Әлеуметтік жарнама Қазақстан Республикасының аумағында қазақ тілінде, ал жарнама берушінің қалауы бойынша орыс тілінде және (немесе) басқа тілдерде де таратылады.»;

3) 11-баптың 2-2-тармағы екінші бөлігінің 3) тармақшасындағы «қазақ және орыс тілдерінде» деген сөздер алып тасталсын.

7. «Сауда қызметін реттеу туралы» 2004 жылғы 12 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына:

32-баптың 2-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Тауар сапасына қойылатын жоғарыда аталған талаптар туралы ақпарат «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес қазақ және орыс тілдерінде заттанбаларда, затбелгілерде, жазсырмаларда (стикерлерде), қосымша парақтарда, материалдық жеткізгіштерде қамтылуға тиіс.»;

8. «Байланыс туралы» 2004 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

37-баптың 5-тармағындағы «мемлекеттік тілде және орыс тілінде, байланыс қызметтерін пайдаланушылар үшін қолайлы жерге» деген сөздер «көрсетілетін байланыс қызметтерін пайдаланушылар үшін қолжетімді жерлерге «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес мемлекеттік тілде және орыс тілінде» деген сөздермен ауыстырылсын.

9. «Шкісі су көлігі туралы» 2004 жылғы 6 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 46-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы екінші және үшінші бөліктермен толықтырылсын:

«Айлақтардың, порттардың иелері жолаушыларға қызмет көрсету орындарында, оның ішінде билеттер сатылатын пункттерде ақпаратты мемлекеттік тілде және орыс тілінде, қажет болған кезде басқа тілдерде де беруге тиіс.»;

Ақпарат мәтіні «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес келуге тиіс.»;

2) 51-баптың 3-тармағында:

«жолаушылар тасымалдауды ұйымдастыру туралы көрнекі және қолжетімді нысанда уақытты өрі анық ақпарат» деген сөздер «жолаушылар тасымалдарын ұйымдастыру туралы ақпарат мемлекеттік тілде және орыс тілінде, қажет болған кезде басқа тілдерде де» деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Ақпарат мәтіні «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес келуге тиіс.»;

10. «Машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі туралы» 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

7-баптың 4-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) машиналар мен жабдықтарды «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес келетін, пайдаланушының ықтимал тәуекелдерді бағалау және оның тиісті қауіпсіздік шараларын қабылдау үшін қажетті мемлекеттік тілдегі және орыс тіліндегі пайдалану жөніндегі нұсқаулықпен және басқа да ақпаратпен қамтамасыз етуге.»;

11. «Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы» 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 7-бапта:

4-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Таңбалау мәтіні «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес келуге тиіс.»;

6-тармақтың 1) тармақшасындағы «оларға тиісті қауіпсіздік шараларын қолдану үшін тұтынушының мемлекеттік және орыс тілдеріндегі пайдалану құжаттамасымен және басқа да қажетті ақпаратпен» деген сөздер «оның тиісті қауіпсіздік шараларын қабылдау үшін қажетті «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес мемлекеттік тілдегі және орыс тіліндегі пайдалану құжаттамасымен және басқа да қажетті ақпаратпен тұтынушының» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 15-баптың 9-тармағының бірінші сөйлеміндегі «мемлекеттік және орыс тілдерінде» деген сөздер «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес мемлекеттік тілде және орыс тілінде» деген сөздермен ауыстырылсын.

12. «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» 2010 жылғы 4 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 24-баптың бірінші бөлігінің 1) және 8) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«1) тауар (жұмыс, көрсетілетін қызмет) туралы, сондай-ақ сатушы (дайындаушы, орындаушы) туралы «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан

Республикасы Заңының талаптарына сәйкес келетін қазақ және орыс тілдеріндегі ақпаратты беруге.»;

«8) бақылау-қаспа машиналары тұрған жерде тұтынушының бақылау (тауарлық) чегін алу қажеттігі туралы және бақылау-қаспа машиналарын қолдану тәртібі бұзылған жағдайда оның мемлекеттік кіріс органына (тиісті мемлекеттік кіріс органының телефон нөмірі көрсетіле отырып) жүгіну құқығы туралы «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес келетін қазақ және орыс тілдеріндегі ақпаратты орналастыруға.»;

2) 25-бапта:

3-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Ақпарат мәтіні «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес келуге тиіс.»;

3-1-тармақта:

бірінші бөліктегі «қазақ және (немесе) орыс тілдерінде» деген сөздер «қазақ және орыс тілдерінде» деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Ақпарат мәтіні, сондай-ақ мәліметтер «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес келуге тиіс.»;

3) 26-бапта:

1-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Сатушы (дайындаушы, орындаушы) «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес келетін қазақ және орыс тілдеріндегі өзінің атауын (фирмалық атауын), тұрған жерін (заңды мекенжайын) және жұмыс режимін тауарды өткізу (жұмысты орындау, қызметті көрсету) орынында орналастыра отырып, көрсетілген ақпаратты тұтынушының назарына жеткізуге міндетті.»;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Егер сатушы (дайындаушы, орындаушы) жүзеге асыратын қызметтің түрі лицензиялауға жатса, тұтынушыға лицензия, оның қолданылу мерзімі, оны берген мемлекеттік орган туралы «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес келетін қазақ және орыс тілдеріндегі ақпарат берілуге, сондай-ақ тұтынушының талап етуі бойынша лицензияның түпнұсқасымен немесе нотариат куәландырылған көшірмесімен танысу мүмкіндігі берілуге тиіс.»;

4-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Сатушы (дайындаушы, орындаушы) «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес келетін қазақ және орыс тілдеріндегі өзінің атауын (фирмалық атауын), тұрған жерін (заңды мекенжайын) және жұмыс режимін тауарды өткізу (жұмысты орындау, қызметті көрсету) орынында орналастыра отырып, көрсетілген ақпаратты тұтынушының назарына жеткізуге міндетті.»;

«Сатушы (дайындаушы, орындаушы) бақылау-қаспа машиналары тұрған жерде тұтынушының бақылау (тауарлық) чегін алу қажеттігі және бақылау-қаспа машиналарын қолдану тәртібі бұзылған жағдайда оның мемлекеттік кіріс органына жүгіну құқығы туралы «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес келетін қазақ және орыс тілдеріндегі ақпаратты орналастырады.»;

13. «Қазақстан Республикасының әуе кеністігін пайдалану және авиация қызметі туралы» 2010 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 65-1-баптың 3-тармағында:

бірінші бөлік «тізбесі туралы» деген сөздерден кейін «қазақ және орыс тілдеріндегі, қажет болған кезде басқа тілдердегі де» деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Ақпарат мәтіні «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес келуге тиіс.»;

2) 76-баптың 11-тармағы мынадай мазмұндағы үшінші және төртінші бөліктермен толықтырылсын:

«Жолаушыларға қызмет көрсету орындарында, оның ішінде билеттер сатылатын пункттерде ақпарат қазақ және орыс тілдерінде, қажет болған кезде басқа тілдерде де беріледі.

Ақпарат мәтіні «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес келуге тиіс.»;

14. «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» 2011 жылғы 11 қазандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-бапта:

мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

«1-1) діни бірлестік – Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың өз мүдделерінің ортақтығы негізінде діни қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен біріккен ерікті бірлестігі»;

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«4) діни мазмұндағы ақпараттық материал – кез келген материалдық жеткізгіштің діни сипаттағы баспалық, электрондық және өзге де ақпарат»;

3) 3-баптың 6-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Әркімнің ар-ождан бостандығына құқығы бар. Әркім Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес діни немесе өзге де нанымдарды ұстануға, оларды таратуға, діни бірлестіктердің қызметіне қатысуға және миссионерлік қызметпен айналысуға құқылы.

Ар-ождан бостандығы құқығын жүзеге асыру жалпы адамдық және азаматтық құқықтар мен мемлекет алдындағы міндеттерге байланысты болмауға немесе оларды шектеуге тиіс.»;

3) 5-баптың 7) тармақшасындағы «ғибадат үйлерінен (ғимараттарынан) тыс жерлерде діни іс-шаралар өткізуге» деген сөздер «ғибадат үйлерінен (ғимараттарынан) тыс жерлерде діни іс-шаралар өткізу туралы діни бірлестіктер берген хабарламаларды қарайды» деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 6-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Дінтану сараптамасын діни қызмет саласында арнайы білімі және (немесе) жұмыс тәжірибесі бар сарапшылар (мамандар), қажет болған кезде мемлекеттік органдардың өкілдері және өзге де мамандарды тарта отырып, уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен жүргізеді.»;

5) мынадай мазмұндағы 7-1-баптың толықтырылсын: